

«М.А. Гендельманның 110 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 19» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 19», посвященной 110 - летию М.А. Гендельмана» - 2023.- Т.І, Ч.ІІІ.- Б. 134-136.

**ӘОЖ 811**

## **АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ СЫН ЕСІМДЕРДІҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ-СЕМАНТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*Шерниязұлы Қуанышбек, 1-курс студенті*  
*Жетекшісі: Тілеубергенова Назгүл Жолымбетқызы*  
*«Шығанақ Берсиев атындағы Ақтөбе жоғары ауыл шаруашылығы*  
*колледжі» МКҚК,*  
*Ақтөбе қ.*

Ағылшын тілінің қазіргі грамматикалық теориясында сын есімдер жеке сөз табын құрайды. Дегенмен, ағылшын тіліндегі сын есімдерге жасалған талдау оның басқа сөз таптарына, атап айтқанда, етістік, үстеу, зат есімдерге тән функционалдық-семантикалық қасиеттері бар екендігін көрсетеді. Бұл мақала ағылшын тіліндегі сын есімдер мен басқа сөз таптарына ортақ қасиеттерді қарастырып, зерттейді.

Етістікке, сондай-ақ сын есімге тән функционалдық-семантикалық қасиеттер туралы айтқанда, ең алдымен сөйлем субъектісі анықтаушының оларға ортақ мағынасын еске түсірген жөн: етістік те, сын есім де белгілі бір адамның немесе заттың анықтаушы байланысының қатынасында болады, яғни әрекетті тасымалдаушы болып табылады (мысалы: *the sky cleared, the sky was clear, the clear sky*).

Бұдан басқа сын есімдердің үлкен бір тобының лексикалық мағынасы етістіктердің предикативтік емес формаларының мағыналарымен бірдей болып келеді, мысалы: *hesitant – hesitating; dependent – depending* және т.с.с., ал байланыстырушы етістіктермен қатар келген сын есім өзінің лексикалық мағынасына қарай етістіктердің предикативтік формаларына сәйкес келеді, мысалы: *My interest in Hunferden was non-existent until one morning... (J.O'Hara) = did not exist...*

*Palmer had been helpful to Harry's son (L. Walter) = had helped Harry's son.*

*Could you be more specific, Doctor? (A. Hailey) = Could you specify it, Doctor?*

Адамның немесе заттың сыртқы сипатын (мысалы: көркі, түсі, көлемі, бойы, биіктігі, тереңдігі, салмағы, температурасы және т.с.с) білдіретін сын есімдердің талдауы олардың Continuous формасындағы етістіктермен үйлеспейтінін көрсетеді. Мысалы: *Mary is beautiful. The leaves are yellow. The boy is very tall. The wall is thick. The potatoes are hot.*

Адамның ішкі көрінісін (құбылыстар сирек) бейнелейтін сын есімдердің талдауы олардың кейбіреулерінің Continuous формасындағы етістіктермен үйлесетінін, ал енді біреулерінің үйлеспейтінін көрсетеді.

Адамның (құбылыстың) ішкі тұрақты сипатын білдіретін wise, foolish, silly, honest, rash, childish, reasonable, nasty, cowardly, greedy, funny, harsh, absurd, sentimental, realistic, forceful, melodramatic, bossy, important т.с.с сын есімдер Continuous формасындағы етістіктермен қолданылмайды. Алайда бұл сын есімдер аталған белгілердің ауыспалы екендігін, яғни адамның (құбылыстың) сол сәтте ғана аталған белгіге немесе қасиетке ие екендігін көрсетуі мүмкін. Мұндай жағдайда екі ұштылықтан аулақ болу үшін Continuous формасындағы байланыстырушы етістіктің қолданылуы талап етіледі. Мысалы:

*You are being greedy (H. Robbins) – «Сен сараңдық танытып тұрсың»*  
Салыстырыңыз: *You are greedy - «Сен сараңсың (жалпы)».*

*I was only being funny (D. Fransis) – «Мен тек әзілдегім келін еді».*  
Салыстырыңыз: *He was funny – «Ол күлкілі еді».*

Happy, unhappy, glad, delighted, upset, sad, angry, furious, cross, tired, weary, sure, doubtful, sleepy, hungry, thirsty және т.с.с сын есімдер адамның ішкі уақытша сипатын білдіреді және Continuous формасындағы етістіктермен қолданылмайды. Мысалы: I am glad to see you. We were delighted at the news. The child was sleepy.

Сонымен, жүргізілген талдау ағылшын тіліндегі сын есімдердің үлкен тобы Continuous формасындағы етістіктермен үйлесе алатындығын көрсетті. Бұл сын есімдер белгілердің тұрақтылығын, сондай-ақ ауыспалылығын да білдіре алады.

Ағылшын тіліндегі сын есімдердің етістіктерге жақындастыратын тағы бір спецификалық ерекшелігі бар. Предикаттың заттар арасында байланыс орната алатын қабілеті [1] әдетте етістіктерге, әсіресе ауыспалы етістіктерге тән. Алайда кейбір зерттеушілердің, соның ішінде М.Хэллдейдің еңбектерінде [2] етістіктердің бұл қасиеті сын есімдерде де байқалатыны жазылған. Мысалы: I was scornful of people whom I considered to be shallow. (G. Durrel) (=I scorned people...)

Ағылшын тіліндегі сын есімдердің етістіктермен ортақ функционалдық ерекшеліктерінің бірі ретінде олардың үстеулермен, адвербиалдық тіркестермен, инфинитивтермен үйлесімділігін айтуға болады. Мысалы: He left to speak to the three in the sedan and obviously he was not immediately persuasive, but they came in with him (J. O'Hara). She went thoughtful again (L. Waller). The little boy was suddenly restless.

Ағылшын тіліндегі сын есімдердің етістіктермен ортақ функционалдық-семантикалық ерекшеліктерін қорытындылай келе, Дж.Лайонздың «...сын есімдер мен етістіктерге ортақ белгі көп, және көптеген тілдерде оларды бір терең санатқа жатқызған жөн» [3].

Алайда ағылшын тіліндегі сын есімдердің үстеулермен де ортақ белгілері бар. Сын есімдер мен үстеулерге бірдей ортақ функционалдық-семантикалық ерекшеліктерді сипаттауға көше отырып, ең алдымен, үстеу

түсетін семантикалық немесе мағыналық байланыстар етістіктер мен сын есімдерге де тән екендігін атап өткен жөн: студент ақылды, ақылды студент; баяу жүреді, баяу жүріс [4].

Үстеулер сияқты, ағылшын тіліндегі сын есімдер де род, түр (жекеше және көпше түр) және септіктер бойынша өзгермейді. Сондай-ақ, үстеулердің де, сын есімдердің де шырайлары бар.

Сөзжасам тәсілдерінің арасында сын есімдерге де, үстеулерге де тән сәйкес келетін формаларды кездестіруге болады: -ly жұрнағы, оның көмегімен көптеген үстеулер пайда болады, сондай-ақ кейбір сын есімдерді жасауға да қолданылады (мысалы, friendly, deadly, cowardly, poorly, sickly және т.б. сын есімдер).

Үстеулер мен сын есімдерге тән ортақ функционалдық-семантикалық қасиеттерді сипаттай келе ағылшын тілінде айтарлықтай көп сөздердің бірде адъективті (бұл жағдайда олар сын есімге жатқызылады), бірде адвербиалды (үстеуге жатады) қызмет ететінін атап өтуіміз қажет. Мұндай сөздерге, мысалы *fast, sharp, much, well, hard, late, early, high, low, straight, daily, weekly, monthly, enough, ahead* және т.б. жатады.

Ағылшын тіліндегі сын есімнің функционалдық-семантикалық қасиеттері тек етістік пен үстеуге ғана ортақ емес, сондай-ақ сын есімнің зат есіммен де ортақ функционалдық-семантикалық қасиеттері бар. Бұл ортақ сәйкестік әсіресе ағылшын тілінде функционалдық-семантикалық қасиеттері жағынан зат есімдерге жақын субстантивтік (зат есімдік) сын есімдердің үлкен тобының болуымен түсіндіріледі (мысалы: *the young, the old, the poor, the rich, the blind, the dead, the deaf, the homeless, the wealthy, the unexpected, the new, the unknown* және т.с.с.) [5].

Бұдан басқа, ағылшын тіліндегі сөзжасамның конверсия тәрізді кең тараған тәсіліне байланысты, сәйкес келетін біртүбірлі сын есімі жоқ кез-келген зат есім басқа зат есіммен үйлесе тіркесіп сын есімге ұқсас атрибуттық сөз тіркесін жасайды (мысалы: *world fame, a city council, a district court, party policies, state importance, a radio engineer, a house dress* және т.б.).

Зат есімдер де сын есімдер тәрізді құрама баяндауыш жасай отырып байланыстырушы етістікпен үйлесе алады (*he is a teacher; she became my wife; he remained my friend*). Оның үстіне, берілген құрама баяндауыштың құрамында зат есімдер прогрессивтік формадағы *to be* етістігімен үйлесе алады. Мысалы: *I was being a fool (H.Robbins). ...I'm being a bloody nuisance (J. Fowles)* [4].

Зат есімдер сын есімдер тәрізді инфинитивпен үйлесе алады. Мысалы, *Here's a book to read*.

Сонымен, бұл мақалада ағылшын тіліндегі сын есімдердің басқа сөз таптарымен: етістікпен, үстеумен және зат есіммен біріктіретін функционалдық-семантикалық қасиеттері туралы айтылды. Бұл мақаланың міндеті ағылшын тіліндегі сын есімдердің функционалдық-семантикалық қасиеттерінің көп түрлілігінің себебін табу емес. Бұл мақала осы бағыттағы ізденіс жұмыстарының кейбір жолдарын көрсетеді деп сенемін.

## Әдебиеттер тізімі

- 1 Москальская О.И. Проблемы системного описания синтаксиса [Text] / Москва. 1974.
- 2 Худяков А.А. Теоретическая грамматика английского языка [Text]: Учеб. пособие для студ. филол. фак. ин. яз. высш. учеб. заведений. М.: Издательский дом «Академия», 2005.
- 3 Лещева Л.Н. Полисемия в классе английских прилагательных [Text] / Минск-1996.
- 4 Аракин В.Д. О лексической сочетаемости. [Text]: М- 1972.
- 5 Language learning. ISSN:0023-8333E-ISSN:1467-9922